

## Жер салығының базалық ставкаларын арттыру (төмендету) пайыздарын және салық салу мақсаттары үшін Жезқазған қаласының аумағын аймақтарға бөлу сызбасын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2010 жылғы 16 шілдедегі N 24/283 шешімі. Қарағанды облысы Жезқазған қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 23 шілдеде N 8-2-116 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 22 мамырдағы № 23/216 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 22.05.2018 № 23/216 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

**Р Қ А О                    е ск е р т п е с і .**

### **Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 8 бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы ( Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 13 тармақшасына сәйкес, Жезқазған қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. 1, 2 қосымшаларға сәйкес Жезқазған қаласының аумағын аймақтарға бөлу сызбасы және салық салу мақсаттары үшін аймақтар шекарасының сипаттамасы бекітілсін. Қорсетілген жер салығының базалық ставкаларын арттыру (төмендету ) пайыздары автотұрақтарға және автомобильге жанармай құбытын станцияларға бөлінген жер телімдеріне таралмайды.

2. 3 қосымшаға сәйкес жер салығының базалық ставкаларын арттыру ( төмендету) пайыздары бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессияның төрағасы

С.Ж. Төлеуов

Қалалық мәслихаттың хатшысы

К.С. Әбдіров


КЕЛІСІЛДІ:

"Жезқазған қаласының жер  
қатынастар бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы  
Әлменов Талғат Сәруарұлы

2010.20.07.

Жезқазған қалалық мәслихатының  
2010 жылғы 16 шілдедегі  
N 24/283 шешіміне  
1 қосымша

## Жезқазған қаласы аумақтарын салық салу мақсаттарында аймақтандыру СЫЗБАСЫ



Жезқазған қалалық мәслихатының  
2010 жылғы 16 шілдедегі N 24/283  
шешіміне 2 қосымша

Салық салу мақсаттары үшін аймақтардың шекараларын сипаттау

Аймақтың және кіші аймақтың N N	Аймақ шекаралары
--	------------------

1	<p>Қамтитын аумактар:</p> <p>1) есептік орамдар:</p> <p>толық: 001; 002;</p> <p>жартылай: 003; 005; 006.</p> <p>Солтүстік аймақ шекарасы Алашахан даңғылындағы айналма жолынан басталып, Қенгір су қоймасының солтүстік және шығыс бойымен өтеді, одан әрі онтүстікке Холмецкий көшесімен Жастар көшесіне дейін. Жастар көшесімен солтүстікке қарай 2 орам бойынша өтеді, онтүстік бөлігі Фурманов көшесінен Пушкин көшесіне дейін, одан әрі Пушкин көшесінен онтүстікке қарай Холмецкий көшесіне дейін. Холмецкий көшесінен Аманжолов көшесіне дейін. Аманжолов көшесімен солтүстік батысқа Сәтбаев көшесіне дейін. Сәтбаев көшесінен батысқа Некрасов көшесіне дейін, одан әрі Некрасов көшесімен Ошақбай Асылбеков көшесіне дейін. Ошақбай Асылбеков көшесінен батысқа Шевченко көшесіне дейін. Шевченко көшесінен солтүстікке С.Сейфуллин бақжолына дейін, одан әрі қарай С.Сейфуллин бақжолы бойынша онтүстік және батыс бойынша жеке гараждардың онтүстік және батыс бөлігі бойынша Университет бас корпусына дейін. Одан әрі солтүстік батысқа шығыс айналма жолына дейін. Шығыс айналма жолынан солтүстік шығысқа Алашахан даңғылы айналма жолына дейін.</p>
2	<p>Қамтитын аумактар:</p> <p>1) есептік орамдар:</p> <p>толық: 004; 011; 012; 013; 014; 019; 020; 023;</p> <p>жартылай: 002; 003; 005; 006.</p> <p>Солтүстік аймақ шекарасының бөлігі 23 есептік ораммен сәйкес келеді, одан әрі Қенгір су қоймасының шығыс аймағынан көпірге дейін, одан әрі онтүстік шығыстан Алашахан даңғылындағы қолік айналма жолына дейін, одан әрі онтүстік батысты жағалай шығыс айналма жолынан Рыбачий бұрылышына дейін. Рыбачийге бұрылыштан онтүстік шығысқа Университеттің бас корпусының жанында Байқоныров көшесінің аумағындағы бұрылышқа дейін, одан әрі онтүстік жеке гараждардың батыс бөлігінен солтүстікке және шығыс болігіндегі 70 орамнан Гагарин көшесіне дейін. Гагарин көшесінің батыснан Маметова көшесіне дейін, одан әрі Маметова көшесінен онтүстікке Абай көшесіне дейін, одан әрі Абай көшесінен шығысқа қарай Байқоныров көшесіне дейін. Одан әрі Байқоныров көшесінен солтүстікке Гагарин көшесіне дейін, одан әрі Гагарин көшесінен шығысқа Шевченко көшесіне дейін, содан соң Шевченко көшесінен онтүстікке Ошақбай Асылбеков көшесіне дейін, Ошақбай Асылбеков көшесінен Некрасов көшесіне дейін, одан әрі Некрасов көшесінен онтүстікке Сәтбаев көшесіне дейін, одан әрі Сәтбаев көшесінен шығысқа Аманжолов көшесіне дейін. Аманжолов көшесімен онтүстікке 28 орамның онтүстік бөлігінде шекарасына дейін. Одан әрі шығысқа 28 орамның онтүстік бөлігінен Пушкин көшесіне дейін, одан әрі солтүстік батысқа Пушкин көшесінен Фурманов көшесіне дейін, одан әрі шығысқа Жастар көшесіне дейін, одан әрі онтүстік шығысқа Жастар көшесімен Холмецкий көшесіне дейін, одан әрі солтүстік шығысқа су қоймасының жағалау аймағына дейін. Жағалау аймағынан онтүстікке Чехов көшесіне дейін. Одан әрі Чехов көшесінен онтүстік шығыстағы Жастар көшесімен қылышады. Жастар саябағының онтүстік шекарасының Холмецкий көшесіне дейін. Холмецкий көшесінен батысқа Сәтбаев көшесімен айналма жолының қылышына дейін. Одан әрі онтүстік батысқа Сәтбаев көшесімен Балқаш көшесіне дейін. Балқаш көшесімен онтүстік шығысқа Полевая көшесіне дейін, одан Полевая көшесімен солтүстік шығысқа темір жолына дейін, темір жол бойымен онтүстік шығысқа Қарағанды айналма жолына дейін. Одан батысқа айналма жолымен Жезқазған калалық ішкі істер басқармасы жол полиция бөлімі бекетінің жанындағы өткелге дейін. Өткелден солтүстік батысқа темір жол бойымен Пугачев көшесінің аумағына дейін. Пугачев көшесіндегі темір жол аумағынан Сарыарқа көшесіне шығады. Одан әрі Сарыарқа көшесімен солтүстік батысқа Абай көшесіне дейін. Одан әрі Абай көшесімен солтүстік шығысқа шығыс айналма жолымен 017-019 есептік орамдардың онтүстік шекарасының торабына дейін. Одан әрі солтүстікке 017-019 есептік орамның шектесу шекарасынан Иманжан көшесіне дейін. Иманжан көшесінен шығысқа "Самсунг" медициналық орталығының айналма жолына дейін. Одан әрі 23 есептік орамның батыстағы шекарасымен солтүстікке дейін.</p>

		<p>Қамтитын аумактар:</p> <p>1) есептік орамдар:</p> <p>жартылай: 002; 003.</p>
3	3-1	<p>Солтүстік аймақ шекарасы С. Сейфуллин бақжолының батыс бөлігінде орналасқан жеке гараждардың онтүстік бөлігінен басталады, одан әрі шығысқа С. Сейфуллин бақжолымен Шевченко көшесіне дейін, одан әрі онтүстікке Шевченко көшесінен Гагарин көшесіне дейін. Одан әрі батысқа Гагарин көшесімен Байқоңыров көшесіне дейін, одан әрі онтүстікке Байқоңыров көшесімен Абай көшесіне дейін, одан әрі батысқа Абай көшесімен Маметова көшесіне дейін. Маметова көшесінен солтүстікке Гагарин көшесіне дейін, одан әрі шығысқа Гагарин көшесімен Жангалдин көшесіне дейін, одан әрі Жангалдин көшесімен С. Сейфуллин бақжолындағы жеке гараждарға дейін. Осы аймакта бұрынғы 70, 71, 73, 74, 75 кала орамдары кіреді.</p>
3	3-2	<p>Қамтитын аумактар:</p> <p>1) есептік орамдар:</p> <p>толық: 018; 021; 022; 024; 025; 026; 027;</p> <p>жартылай: 015; 031.</p> <p>Солтүстік аймақ шекарасы 025, 027 есептік орамдардың және қаланың бас жоспарының перспективалық құрылымы салуы аумағының шекараларынан бастап 30 орамды шығыс шекарасымен өтіп және 30, 029, 028, 027 есептік орамның онтүстік шекарасымен Алашахан даңғылына дейін, одан әрі онтүстікке Алашахан даңғылымен Иманжан көшесіне дейін. Одан әрі Иманжан көшесімен батысқа 19 есептік орамның шекарасына дейін. Одан әрі онтүстікке 018-019 есептік орамның шектесу шекарасының бөлігімен Комбинатский кентіне дейін батысқа 017 есептік орамның солтүстігіне дейін, одан әрі онтүстік батысқа Комбинатский кентінің солтүстік бөлігімен Сарыарқа көшесіне дейін.</p> <p>Одан әрі Сарыарқа көшесімен онтүстік шығысқа Пугачев көшесіне дейін. Пугачев көшесінен онтүстік батысқа темір жолға дейін, одан әрі онтүстік шығысқа темір жол Жезқазған қалалық ішкі істер басқармасы жол полиция бөлімі бекетіне дейін. Жезқазған қалалық ішкі істер басқармасы жол полиция бөлімі бекетінен онтүстік батыстағы 015 есептік орамның шекарасымен Пугачев көшесіне қарама-қарсы темір жолының дәнекерлерінен батыс бөлігіне дейін, одан солтүстік батысқа темір жолының батыс бөлігімен Жол құрылышы басқармасының бұрышының деңгейіне дейін автомобиль жолына ауысуымен Сарыарқа көшесіне дейін. Одан әрі солтүстік батысқа Сарыарқа көшесімен 026 есептік орамның шекарасына дейін және 026, 025, 027 есептік орамдардың солтүстік шекарасымен.</p>
3	3-3	<p>Қамтитын аумактар:</p> <p>1) есептік орамдар:</p> <p>толық: 044;</p> <p>жартылай: 034.</p> <p>Солтүстік аймақ шекарасы "Авиатор" бағбандық қогамның онтүстік бөлігінен басталады және әуежай аймағындағы ұшып қонатын күтіп ұстай үшін арналған алаңды қамтиды. Аталған аймакта әскери бөлім және "Казаэронавигация" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны орналасқан.</p>
4	4-1	<p>Қамтитын аумактар:</p> <p>1) есептік орамдар:</p> <p>толық: 017;</p> <p>жартылай: 016.</p> <p>Аймақтың солтүстік шекарасы 91 орамның онтүстік бөлігінен басталып 021, 018 есептік орамдардың арасындағы шекарамен өтеді және шығысында 019 есептік орамның шекарасымен шектесіп батыс айналма жолға дейін жетеді. Одан әрі онтүстік-батысқа батыс айналма жолымен Абай көшесіне дейін. Одан әрі осы бағытта Абай көшесімен Сарыарқа көшесіне дейін, әрі қарай осы көшемен солтүстік-батысқа Комбинатский кентінің солтүстік бөлігіне дейін. Одан әрі солтүстік-шығысқа қарай Жол құрылышының басқармасы және Комбинатский кенті аралығымен 017 есептік орамның шекарасына дейін. Осы жерде</p>

		солтүстік-батысқа қарай бұрылып 021 есептік орамның онтүстік шекарасына дейін 016 және 017 есептік орамдар шекарасымен өтеді. Аталған аймақта Рыбачий және Комбинатский кенттері және N 6 кәсіптік лицей, көлік базары, ветеринарлық зертхана, "Гелиус" жанар-жағар май құю станциясы кіреді.
4	4-2	Қамтитын аумақтар: 1) есептік орамдар: жартылай: 031. Бұл аймаққа қаланың батыс бөлігінде орналасқан тұрғын алабымен Геологиялық барлау экспедициясы кіреді.
4	4-3	Қамтитын аумақтар: 1) есептік орамдар: жартылай: 005; 006; 010. Аймақтың солтүстік шекарасы Балқаш-Сәтбаев көшелерінің қылышынан басталып, одан әрі солтүстік-шығысқа Сәтбаев көшесімен көлік айналымына дейін, осы бағытпен Холмецкий көшесінде айналым жолымен Жастар саябағына дейін, әрі қарай Жастар саябағының онтүстік бөлігімен Жастар көшесін қызып Чехов көшесімен су қоймасы жағасына дейін барады. Одан әрі жағалаумен онтүстік батысқа қарай Гидроцехтың онтүстігіндегі батыс айналым жолының бұрылысы деңгейіне дейін өтеді. Одан әрі батыс айналым жолына шығып Жастар көшесін қызып өтіп "Жезқазған нан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тұсындағы бұрылысқа дейін және темір жолмен өтіп 5 ауданың тұрғын алабын солтүстік жағымен айналып Пристанищный кентінің шығыс жағына дейін барады. Одан әрі Пристанищный кентінің тұрғын алабының шығыс және онтүстік жағымен Балқаш көшесімен солтүстік-батысқа Сәтбаев көшесіне дейін.
4	4-4	Қамтитын аумақтар: 1) есептік орамдар: толық: 035; 036; 037; 038; 039; 040; 041; 042; 043; 044; 045; 046; 047; 048; 049. Бұл аймаққа бағандық участеклері және сауықтыру кәсіпорындары кіреді. ("Здравница" бағандық қоғамы, "Автомобилист" бағандық қоғамы, аэропорт аумағындағы бағандық участеклер, "Спутник" бағандық қоғамы, "Литейщик" бағандық қоғамы, "Орленок", "Дружба" "сауықтыру лагерлері")
5		Қамтитын аумақтар: 1) есептік орамдар: толық: 008; 009; 028; 029; 030; 034; 051; 052. жартылай: 006; 007; 010; 015; 031; 034. Бұл аймаққа өндірістік нысандар кіреді. Берілген аймақтың солтүстік шығыс шекарасы ауыл шаруашылығына арналған, автомобиль, теміржол көлігі мен желілік нысандары, артық қоймалар мен жартасты карьерлер жерінен басталады, сондай-ақ, осы бағытта N 1 және N 2 Байыту фабрикасы, Жылу электро орталығы, Құю механикалық зауыты, Керамикалық зауыт, Автокөлік кәсіпорыны, N 1 Автокөлік кәсіпорыны, "Қазахмыс корпорациясының" шлак тастары тұрмыстық жабдықтау базасы және "Қазмысқұрлыс" акционерлік қоғамының, Ішкі істер басқармасы нысандары, тұндыру және тазарту имараттары сияқты нысандар орналасқан. Аймақтың онтүстік бөлігі Мыс қорыту зауытынан, ал аймақтың онтүстік батыс бөлігі асфальтбетон зауытынан басталады, осы бағытта онтүстік өнеркәсіп торабының өнеркәсіп кәсіпорын нысандары: ет комбинаты, сүт зауыты, "Еркін-Кварц" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өнеркәсіп базасы және бұрынғы ауыл шаруашылық техникасының базасы, ұн тарту комбинаты, "Жезқазғансуқұрлысның" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бұрынғы аумағы, етсүтбалиқ сауданың бөлөу тоңазытқышы, "Жезқазған электр тарату компаниясы" акционерлік қоғамының өндірістік базасы, жанар-жағар май құю қоймасы және басқада өндірістік нысандар орналасқан.

## Жер салығы базалық мөлшерлемесінің арттыру (төмендету) пайыздары

Аймақ номірлері	Жер салығы базалық ставкасының арттыру (+), төмендету (-) пайыздары
1	+50
2	+30
3	+20
4	0
5	-30

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК